

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2024
ӨЖ 616.12.008.331-084-07(574)
DOI 10.59598/ME-2305-6045-2024-113-4-53-58

Е. Ж. Маханбетчин^{1*}, А. Н. Нұрбақыт¹, С. Р. Миралиев², Т. С. Серғалиев³

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАНДА АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГИГИЕНАЛЫҚ ТҰРҒЫДАҒЫ ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУ

¹«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті (050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өтепов қ., 19а; e-mail: ksph@ksph.kz)

²Астана медицина университеті (010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік қ., 49а; e-mail: mail@amu.kz)

³Абуали ибн Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университеті (734003, Тәжікстан республикасы, Душанбе қ., Сино ауд., 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

***Елдос Жанзакович Маханбетчин** – «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті; 100004, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Карбышева к., 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Кіріспе. Мақалада зерттеу нәтижесінде анықталған жүрек-қан тамырлары ауруларына байланысты өлім мен мүгедектік себептерінің құрылымына ең үлкен үлес артериялық гипертензиямен ауыратын науқастарда болатындығы атап өтілген. Артериялық гипертензиясы бар науқастың әлеуметтік-гигиеналық портреті. Жасы – Көбінесе 40 жастан асқан адамдарда кездеседі, ең жиі кездесетін жас 40-60 жас аралығы, аурудың ең жоғары деңгейі осы жас тобында байқалады. Бұл жаста тамырлардың физиологиялық қартаюы және қан қысымының жоғарылауы байқалады. 60 жастан асқан кейін: аурушандық артады және егде жастағы адамдар арасында АГ-ны анықтау қан айналымы жүйесіндегі жасқа байланысты өзгерістерге және қатар жүретін аурулардың болуына байланысты айтарлықтай артады. Жынысы бойынша ер адамдар арасында жас және орта жаста (60 жасқа дейін) ер адамдарда гипертензия жиілігі жиі байқалады. Бұл стресстің жоғары деңгейіне, алкогольді ішуге, темекі шегуге және отырықшы өмір салтына байланысты. Ал әйелдер арасында 60 жастан жоғары жаста арасында сырқаттанушылықтың айырмашылығы азаяды және әйелдер ер адамдар сияқты гипертониямен ауыра бастайды. Бұл гормоналды фондағы өзгерістерге байланысты, әсіресе менопаузадан кейін қан қысымының жоғарылауына әкелуі мүмкін. Әлеуметтік сипаттамаларына тоқталсақ, білім деңгейінің төмендігі артериялық гипертензиямен байланысты қауіптер туралы, сондай-ақ салауатты өмір салты туралы білмеуге бейім болуы мүмкін.

Зерттеудің мақсаты. Артериялық гипертензиямен ауыратын науқастардың жеке басының қазіргі әлеуметтік-гигиеналық ерекшеліктерін сипаттау.

Материалдар және әдістер. Кешенді медициналық-әлеуметтанулық зерттеу 2020 жылдан 2023 жылға дейін №3 Қарағанды қалалық емханасының базасында жүргізілді. Зерттеу бағдарламасы докторлық жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, ал зерттеу тәжірибесі нақты критерийлерге негізделген.

Нәтижелер және талқылау. Сауалнамаға қатысқандардың ішінде ең көп саны 54-62 жас аралығындағы науқастар болды (N=241, 58,1%). Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан әйелдер арасындағы осы жас тобы өкілдерінің үлесі ерлер арасындағы статистикалық маңызды ($p < 0,05$) ұқсас көрсеткіштен (тиісінше 67,4 және 45,3%) асып түсті.

Қорытынды. Біздің зерттеу нәтижелеріміз артериялық гипертензияға қатысты профилактикалық шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруда осындай зерттеулер жүргізген басқа авторлар сияқты, еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар артериялық гипертензияның неғұрлым айқын қауіп факторлары бар және медициналық ұйымдарға сирек таралатын адамдар санаты ретінде ерекше назар аудару қажет екенін растайды.

Кілт сөздер: халық; медициналық мекеме; аурухана; медициналық көмек; артериялық гипертензия; сырқаттанушылық; мектеп

КІРІСПЕ

Мақалада зерттеу нәтижесінде анықталғандай жүрек-қан тамырлары ауруларына байланысты өлім-жітім мен мүгедектік себептерінің құрылы-

мында ең үлкен үлес артериялық гипертензиясы бар науқастарға келетіні байқалды [3, 4, 9]. Зерттеушілер осы санаттағы науқастардың әлеуметтік-демографиялық және психологиялық көр-

сеткіштерін зерттеуге көбірек көңіл бөлуде, бұл сипаттамалар негізінен АГ үшін бірқатар қауіп факторларының және оның асқынуларының болуымен, пациенттердің емделуге бейімділігімен, сондай-ақ олардың медициналық көмекке қанағаттануымен байланысты екенін ескере отырып [2, 5, 6, 7]. Мысалы, жоғары білімі бар науқастар білімі орта немесе одан төмен науқастарға қарағанда емдеу тиімділігі 20% жоғары екендігі көрсетілді [8]. Бірақ осыған қарамастан, артериалдық гипертензиямен ауыратын науқастардың әлеуметтік-медициналық немесе әлеуметтік-гигиеналық портретін сипаттауға арналған ғылыми жұмыстар өкінішке қарай кездеспеді.

Жұмыстың мақсаты – артериалдық гипертензиясы бар науқастардың қазіргі таңдағы әлеуметтік-гигиеналық тұлғасын сипаттау.

МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Кешенді медициналық-әлеуметтанулық зерттеу 2020-2023 жылдар аралығында №3 Қарағанды қалалық емханасының базасында жүргізілді. зерттеу бағдарламасы докторлық жұмыстың мақсаты мен міндетіне сай атқарылып, зерттеулерді жүргізу тәжірибесі нақты мідеттерге қарай негізделген. Сауалнамаға қатысқан науқастармен артериалдық гипертензиясы бар және динамикалық бақылауды тұрған барлық науқастарды зерттей отырып, әлеуметтік портретінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында №3 Қарағанды қалалық емханасының базасында артериалдық гипертензиясы бар 416 пациенттен сауалнама жүргізіліп, сол сауалнамадан алынған нәтижелерге талдау жүргізілді. Зерттеу әдісі ретінде статистикалық әдістерді қолдандық. Алынған деректерді статистикалық өңдеу statistica (Statsoft, Inc) қолданбалы бағдарламалар пакеті арқылы жүзеге асырылды, 8-нұсқасын алдық. Сауалнамаға арналған АГ (n) пациенттерінің іріктеме мөлшері Паниотто формуласы бойынша анықталды: $n = 1/(m^2 + 1/N^2)$, (1) мұндағы m — іріктеме қатесі (біздің жағдайда 0,05); N – бас жиынтықтың көлемі. Сапалық белгілерді талдау кезінде деректер сандық белгілер ретінде ұсынылды және Фишер критерийі (2×2 кестелер үшін) және Пирсонның χ^2 критерийі арқылы талданды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Талдау көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандар арасында ерлер басым болды (N=318; 77,5%), ал әйелдер саны (n=98; 22,5%). Сауалнамаға қатысқандардың орташа жасы $54,3 \pm 9,8$ жасты құрады. Бұл ретте әйел респонденттердің орташа жасы $58,3 \pm 8,2$ жасты құрады және статистикалық маңызды ($p < 0,001$) АГ ($54,3 \pm 10,8$ жас) бұл көрсетілген орташа жастан әліде қарай жоғары екенін көрсетті.

Сауалнамаға қатысқандар арасында ең көп бөлігі 54-62 жас аралығындағы науқастар болды (N=241; 58,1%). Бұл ретте сауалнамаға қатысқан әйелдер арасында осы жас тобының үлес салмағы статистикалық маңызды ($p < 0,05$) ерлер арасындағы ұқсас көрсеткіштен (тиісінше 67,4 және 45,3%) асып түсті. Сауалнамаға қатысқан артериалдық гипертензиясы бар науқастардың жалпы саны 149 (36,2%) 54 жасқа толмаған. Бұл ретте респонденттердің 61 (13,6%) 34-43 жас тобына кірді. Сауалнамаға қатысқандар санынан осы жас тобының үлес салмағы ерлер арасында статистикалық маңызды ($p < 0,05$) жоғары болды (19,8 қарсы 5,7%).

Келесі зерттеуіміз науқастардың арасында зиянды әрекеттердің таралуы болды. Зиянды әдеттердің болуы және сауалнамашылардың өмір бойы қолайсыз факторлардың әсеріне ұшырауы туралы деректерді талдау сауалнамаға қатысқан артериалдық гипертензиясы бар науқастардың жартысынан көбі (N=234; 56,3%) темекі шегетіндерін атап өтті. Алкогольді ішімдікті біршама қолданғанын (59,4%) көрсетті. Бұл ретте айтып кететін бір жай артериалдық гипертензиясы бар ерлер арасында темекі шегу жиілігі (84%) және олардың ішімдікті тұтыну жиілігі (81,2%) әйелдер арасынан гөрі жиі тарағанын байқадық. Осы жаман әдеттердің таралуына қатысты статистикалық маңызды айырмашылықтар былай сипатталынды. ($p < 0,05$) (әйелдер арасында екі зиянды әрекет бойынша 41,4 және 31,2% құрды). Сауалнамаға қатысқандар арасында темекі шегу жиілігі ерлер үшін шамамен 62% құрса бұл көрсеткіш әйелдер арасында 21% құрайтынын көрсетті. Темекі шегу мен алкогольді тұтыну жиілігі статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0,05$) және 50 жастан кейін бұл көрсеткіштер төмендейдегін байқауға болады (- темекі шегу үшін 80,2%-дан 59,4%-ға дейін және алкогольдік ішімдіктерді тұтыну үшін 79,3%-дан 51,5%-ге дейін төмендеді). Көптеген сауалнамаға қатысқандар (N=114; 27,5%) климаттық жағдайы ауыр жерлерде өмір сүретіндерін көрсетсе, ал сауалнамашылардың 72 (17,4%) белгілі бір кәсіптік зияндар бар кәсіптік орындарда жұмыс істейтіндерін көрсетті. Бұл екі фактор да ер адамдар арасында жиі кездесетінін көрсетті ($p < 0,05$). Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі (84,1%) үйленген немесе тұрмыста екенін көрсетті. Күйеуі немесе әйелі болмағандардың ішінде 33 (8,1%) респонденттер ажырасқан, 32 (7,4%) күйеуі немесе әйелі қайтыс болған, тек 13 (3,1%) науқастар ешқашан үйленбеген немесе тұрмыс құрмаған. Сауалнамашылардың көпшілігінде балалар бар (n=363; 87,4%), олар 171 (41,2%) балларымен бірге тұрады. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (N=205; 49,2%) балаларынан бөлек

тұрады, саулнамашылардың 32,6%-ы балалары ата-анасына үнемі барып тұрады, ал зерттеуге қатысқандардың 16%-ы балаларды ата-анасына сирек көреді. Бірақ бұл жерде айтып кететін бір жай әйел науқастардың бөлек тұратын балалар статистікасында ата-анасына (тиісінше 38 және 27%) статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жиі ($p < 0,05$) баратындары атап өтілді. Сондай-ақ, 55 жасқа дейінгі науқатар арасында балалармен бірге тұру жиілігі 63% құрайды, ал 65 жастан кейін балалармен бірге тұру 32,4%-ға дейін төмендейді ($p < 0,05$).

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері, осындай зерттеуді жүргізген басқа авторлар сияқты, артериалдық гипертензияға қатысты алдын-алу іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруда артериалдық гипертензияның неғұрлым айқын қауіп факторлары бар және медициналық ұйымдарға сирек жүгінетін адамдар санаты ретінде еңбекке қабілетті жастағы ер адамдарға ерекше назар аудару керек екенін растайды. Артериалдық гипертензиямен ауыратын науқастардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларының анықталған ерекшеліктері емдеу-диагностикалық және алдын-алу іс-шараларға бейімділіктің болжаушысы ретінде әрекет етеді, сонымен қатар аурудың қауіп факторларын анықтауға ықпал етеді. Зерттеу арқылы алынған нәтижелерге сүйене отырып, осы жұмыста сыналған тәсілдің тәжірибесі сияқты, еңбекке қабілетті халықтың артериалдық гипертензияға қатысты алдын-алу іс-шараларының тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Артериалдық гипертензия (АГ) – бұл жүрек-қан тамыр жүйесінің кең таралған ауруы, оның барысында қан қысымы қалыпты деңгейден жоғарылайды. АГ бар науқастардың әлеуметтік-гигиеналық портретін қарастырғанда, бірнеше маңызды аспектілерді ескеру қажет:

1. Демографиялық ерекшеліктер:

жасы: АГ көбінесе 40-60 жас аралығындағы адамдарда кездеседі, бірақ қазіргі таңда жастар арасында да байқалуда;

жынысы: ерлер мен әйелдердің АГ-ға шалдығу деңгейі әр түрлі, кейбір зерттеулер бойынша ерлерде АГ жиі кездеседі.

2. Әлеуметтік факторлар:

білім деңгейі: білім деңгейі жоғары адамдарда АГ-дан алдын алу мен қолданыстағы қауіп факторларын түсіну деңгейі жоғары болады;

тұрмыс деңгейі: төмен әлеуметтік-экономикалық деңгейі бар адамдарда АГ даму қауіпі жоғарырақ. Тұрақсыз тамақтану, стресстер, физикалық белсенділіктің аздығы – бәрі әсер етеді.

Артериалдық гипертензиямен ауыратын науқастардың әлеуметтік-гигиеналық портреті олардың өмір сүру сапасын арттыру, аурумен күресу үшін қажетті ақпарат алу және қауіп факторларын төмендету үшін маңызды. Осындай портреттерді зерттеу кезінде, ауруды басқару мен профилактикалық шараларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Авторлардың үлесі:

Е. Ж. Маханбетчин, А. Н. Нұрбақыт – зерттеу тұжырымдаасы және дизайны.

С. Р. Миралиев, Т. С. Серғалиев. – материалды жинау және талдау.

Е. Ж. Маханбетчин, А. Н. Нұрбақыт – мәтін жазу, мәтінді өңдеу.

Бәсекелес мүдделер. Мүдделер қақтығысы жарияланбаған.

ӘДЕБИЕТ

1 Артериальная гипертензия у беременных: классификация и принципы терапии с позиции доказательной медицины /Г. Н. Чингаева, М. И. Раева, Д. А. Маликова, А. А. Калаубекова //Вестник КазНМУ. – 2013. – №1. – С. 97-103.

2 Ишемиялық инсульттің қауіп факторлары /Т. К. Қуандықов, В. В. Мұтағыров, А. А. Данияров и др. //Медицина. – 2018. – №4 (190). – С. 80-88.

3 Коныртаева Н. Н. Организация гирудотерапевтической помощи пациентам с болезнями системы кровообращения: опыт работы амбулаторного гирудотерапевтического центра. журнал /Н. Н. Коныртаева, А. Н. Гржибовский, С. В. Иванов //Наука и Здравоохранение. – 2015. – №4. – С. 52-62.

4 Ориентация на клинический результат — новый подход к разработке индикаторов качества медицинской помощи больным артериальной гипертензией /О. М. Посненкова, А. Р. Киселев, В. И. Гриднев и др. //Артериальная гипертензия. – 2014. – №20 (3). – С. 212-217.

5 Смертность от сердечно-сосудистых заболеваний среди жителей стран СНГ /А. А. Николаева, К. Ю. Николаев, Э. А. Отева и др. //Вестник КазНМУ. – 2013. – №1. – С. 70-72.

6 Телемедицинское наблюдение и консультирование пациентов с артериальной гипертензией. Старые проблемы – новые возможности /М. В. Ионов, Н. В. Звартау, И. В. Емельянов, А. О. Конради //Артериальная гипертензия. – 2019ю – №25 (4). – С. 337-356.

7 Халин В. Г. Цифровизация и ее влияние на российскую экономику и общество: преимущества, вызовы, угрозы и риски /В. Г. Халин, Г. В. Чернова //Управленческое консультирование. – 2018. – №10. – С. 46-63.

8 Шеметова Г. Н. Роль школ для пациентов во вторичной профилактике артериальной гипертензии /Г. Н. Шеметова, А. И. Рябошапко, Г. В. Губанова //Саратовский научно-медицинский журнал. – 2017. – №13 (3). – С. 481-483.

9 Current status of blood pressure control rate and antihypertensive drug use in the elderly coronary heart disease patients with diabetes mellitus and hypertension /L. Dongliang, X. Li, L. Wang et al. // Zhonghua Yi Xue Za Zhi. – 2015. – V. 95 (33). – P. 2709-2714.

TRANSLITERATION

1 Arterial'naja gipertenzija u beremennyh: klassifikacija i principy terapii s pozicii dokazatel'noj mediciny /G. N. Chingaeva, M. I. Raeva, D. A. Malikova, A. A. Kalaubekova //Vestnik KazNMU. – 2013. – №1. – S. 97-103.

2 Ishemijalyq insul'ttiң қауип факторлары /Т. К. Қуандықов, V. V. Мырғаров, А. А. Данијаров і др. // Medicina. – 2018. – №4 (190). – S. 80-88.

3 Konyrtaeva N. N. Organizacija girudoterapevticheskoy pomoshhi pacientam s boleznyami sistemy krovoobrashhenija: opyt raboty ambulatornogo girudoterapevticheskogo centra. zhurnal /N. N. Konyrtaeva, A. N. Grzhibovskij, S. V. Ivanov //Nauka i Zdravooхранenie. – 2015. – №4. – S. 52-62.

4 Orientacija na klinicheskij rezul'tat — novyj podhod k razrabotke indikatorov kachestva medicinskoj pomoshhi bol'nym arterial'noj gipertenziej /O. M. Posnenkova, A. R. Kiselev, V. I. Gridnev i dr. //

Arterial'naja gipertenzija. – 2014. – №20 (3). – S. 212-217.

5 Smertnost' ot serdechno-sosudistyh zabolevanij sredi zhitelej stran SNG /A. A. Nikolaeva, K. Ju. Nikolaev, Je. A. Oteva i dr. //Vestnik KazNMU. – 2013. – №1. – S. 70-72.

6 Telemedicinskoe nabljudenie i konsul'tirovanie pacientov s arterial'noj gipertenziej. Starye problemy – novye vozmozhnosti /M. V. Ionov, N. V. Zvartau, I. V. Emel'janov, A. O. Konradi //Arterial'naja gipertenzija. – 2019ju – №25 (4). – S. 337-356.

7 Halin V. G. Cifrovizacija i ee vlijanie na rossijskuju jekonomiku i obshhestvo: preimushhestva, vyzovy, ugrozy i riski /V. G. Halin, G. V. Chernova // Upravlencheskoe konsul'tirovanie. – 2018. – №10. – S. 46-63.

8 Shemetova G. N. Rol' shkol dlja pacientov vo vtorichnoj profilaktike arterial'noj gipertenzii /G. N. Shemetova, A. I. Rjaboshapko, G. V. Gubanova //Saratovskij nauchno-medicinskij zhurnal. – 2017. – №13 (3). – S. 481-483.

9 Current status of blood pressure control rate and antihypertensive drug use in the elderly coronary heart disease patients with diabetes mellitus and hypertension /L. Dongliang, X. Li, L. Wang et al. // Zhonghua Yi Xue Za Zhi. – 2015. – V. 95 (33). – P. 2709-2714.

Поступила 30.12.2023

Направлена на доработку 25.01.2024

Принята 16.04.2024

Опубликована online 27.12.2024

E. J. Makhanbetchin^{1}, A. N. Nurbakyt¹, S. R. Miraliev², T. S. Sergaliev³*

SOCIO-HYGIENIC PORTRAIT OF PATIENTS WITH ARTERIAL HYPERTENSION IN KAZAKHSTAN IN MODERN CONDITIONS

¹Kazakhstan Medical University «KSPH» (050060, Republic of Kazakhstan, Almaty c., Utepova str., 19a; e-mail: ksph@ksph.kz)

²Astana medical university NC JSC (010000, Republic of Kazakhstan, Astana c., Beybitshilik str., 49a; e-mail: mail@amu.kz)

³Avicenna Tajik State Medical University (734003, Republic of Tajikistan, Dushanbe c., Sino str, 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

***Yeldos Zhanzakovich Makhanbetchin** – Kazakhstan Medical University «KSPH»; 100004, Republic of Kazakhstan, Karaganda c., Karbysheva str., 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Introduction. The article notes that the greatest contribution to the structure of causes of death and disability associated with cardiovascular diseases identified as a result of the study falls on patients with arterial hypertension. Social and hygienic portrait of a patient with arterial hypertension. Age – most often occurs in people over 40 years of age, the most common age is 40-60 years, the highest incidence is observed in this age group. At this age, there is a physiological aging of the vessels and an increase in blood pressure. After over 60 years: the incidence increases and the detection of AG among older people increases significantly due to age-related changes in the circulatory system and the presence of concomitant diseases. Among men

by gender, the incidence of hypertension is most often observed in men in young and middle age (up to 60 years). This is due to high levels of stress, alcohol consumption, smoking and a sedentary lifestyle. And among women, the difference in morbidity between the ages of 60 and older decreases, and women begin to suffer from hypertension as much as men. This can lead to an increase in blood pressure due to changes in the hormonal background, especially after menopause. In terms of social characteristics, a low level of education may predispose to not being aware of the risks associated with arterial hypertension, as well as a healthy lifestyle.

Aim. To characterize the modern socio-hygienic characteristics of the personality of patients with arterial hypertension.

Materials and methods. A comprehensive medical and sociological study was conducted from 2020 to 2023 on the basis of Karaganda city polyclinic No. 3. The research program is implemented in accordance with the goals and objectives of the doctoral work, and the research practice is based on specific criteria.

Results and discussion. Among the respondents, the largest number were patients aged 54-62 years (N = 241; 58.1%). In addition, the proportion of representatives of this age group among the women surveyed exceeded the statistically significant ($p < 0.05$) similar indicator among men (67.4 and 45.3%, respectively).

Conclusion. The results of our study confirm that, like other authors who conducted similar studies when planning and implementing preventive measures related to hypertension, men of working age should be especially attentive as a category of people with more pronounced risk factors for hypertension and rarely spread to medical organizations.

Key words: population; medical institution; hospital; medical care; hypertension; morbidity; school

Е. Ж. Маханбетчин^{1*}, А. Н. Нурбакыт¹, С. Р. Миралиев², Т. С. Сергалиев³

СОЦИАЛЬНО-ГИГИЕНИЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ БОЛЬНЫХ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

¹Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ» (050060, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Утепова, 19а; e-mail: ksph@ksph.kz)

²НАО «Медицинский университет Астана» (010000, Республика Казахстан, г. Астана, Бейбітшілік, 49а; e-mail: mail@amu.kz)

³Таджикский государственный медицинский университет им. Абуали ибни Сино, (734003, Республика Таджикистан, г. Душанбе, ул. Сино, 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

***Елдос Жанзакович Маханбетчин** – Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ»; 100004, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Карбышева, 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Введение. В статье отмечается, что наибольший вклад в структуру причин смерти и инвалидности, связанных с сердечно-сосудистыми заболеваниями, выявленных в результате исследования, приходится на пациентов с артериальной гипертензией. Определен социально-гигиенический портрет пациента с артериальной гипертензией. Самый высокий уровень заболеваемости наблюдается в возрастной группе от 40 до 60 лет. В этом возрасте происходит физиологическое старение сосудов и повышение артериального давления. После 60 лет диагностирование артериальной гипертензии значительно увеличивается из-за возрастных изменений в системе кровообращения и наличия сопутствующих заболеваний. По половому признаку в молодом и среднем возрасте (до 60 лет) чаще наблюдается частота гипертонии у мужчин. Это связано с высоким уровнем стресса, употреблением алкоголя, курением и малоподвижным образом жизни. Разница в заболеваемости среди женщин в возрасте 60 лет и старше уменьшается, и женщины начинают страдать от гипертонии так же, как и мужчины из-за изменений гормонального фона, особенно после менопаузы. Говоря о социальных характеристиках, низкий уровень образования может привести к недостаточному получению информации о рисках, связанных с артериальной гипертензией, а также о здоровом образе жизни.

Цель. Охарактеризовать современные социально-гигиенические особенности личности больных артериальной гипертензией.

Материалы и методы. Комплексное медико-социологическое исследование проводилось с 2020 по 2023 год на базе Карагандинской городской поликлиники № 3. Исследовательская программа реализуется в соответствии с целями и задачами докторской работы, а исследовательская практика осно-

Экология и гигиена

вана на конкретных критериях. Результаты и обсуждение. Среди опрошенных наибольшее количество были пациенты в возрасте 54-62 лет (N=241; 58,1%). Кроме того, доля представителей этой возрастной группы среди опрошенных женщин превысила статистически значимый ($p < 0,05$) аналогичный показатель среди мужчин (67,4 и 45,3% соответственно).

Выводы. Результаты исследования подтверждают, что, как и другие авторы, проводившие аналогичные исследования при планировании и реализации профилактических мер, связанных с артериальной гипертензией, мужчины трудоспособного возраста должны быть особенно внимательны как категория людей с более выраженными факторами риска артериальной гипертензии и редко распространяющимися на медицинские организации.

Ключевые слова: население; медицинское учреждение; больница; медицинская помощь; артериальная гипертензия; заболеваемость; школа